

Шетелдік іссапарларға арналған валюта қаражатын пайдалануға бақылауды күшейту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 сәуірдегі N 479

Шетелдік іссапарларға арналған валюта қаражатының жұмсалуды реттеу, республикалық бюджеттен шетелдік іссапарларға арнап валюта қаражатын алған министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдардың мерзімінде есептеме беруін және жекелеген қызметкерлердің 1995 жыл үшін мерзімі едәуір өтіп кеткен берешектерін жоюды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Іссапарға жіберуші министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдардың басшылары 10 күн мерзімде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылығының мәлімдеуіне сәйкес валюта қаражатының пайдаланылуы жөнінде мерзімі өткен аванстық есептердің берілуін қамтамасыз етсін.

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен өзге де атқарушы органдар мерзімі өткен аванстық есептерін осы қаулының 1-тармағында белгіленген мерзімде тапсырмаған жағдайда 1996 жылдың 1 мамырына дейін шетелдік іссапар жөніндегі берешегін мекемені ұстауға арналған шығыстар сметасы есебінен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аударым жасаған күнгі бағамы бойынша шет ел валютасының теңге баламасында аударым жасасын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығы министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге және өзге де орталық атқарушы органдарға олардың қызметкерлерінің мерзімі өткен берешектері болған жағдайда кезекті шетелдік іссапарларға арналған валюта қаржысын бермесін.

4. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі:
министрліктерге, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдарға 1996 жылдың 1 сәуіріне шетелдік іссапарлар бойынша берешектері бар қызметкерлердің тізімдерін берсін және берешектердің өтелуіне бақылау жасасын;
шетелдік іссапарларға арналған валюта қаражатының пайдаланылуына және берешектердің уақтылы өтелуіне бақылауды күшейту жөнінде қосымша шаралар қабылдасын.

5. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Шетелдік іссапарларға валюта қаржысының жұмсалуды ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 29 қазандағы N 1080 қаулысының 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 42, 510-бап);

"Қазақстан Республикасы қызметкерлерінің шетелдегі еңбек жағдайлары туралы Ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 31 мамырдағы N 577 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы қызметкерлерінің шетелдегі еңбек жағдайлары туралы Ережелерінің 54-бабының бірінші абзацы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 24, 250-бап).

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК